2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына иеленеді.

2.2. Серіктестік мөрге, дербес теңгерімге, банктерде есеп шоттарға, өзінің атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде толық жазылған бланкілерге ие, өзінің тауарлық белгілері және белгіленген тәртіпте тіркелген басқа да рәміздері, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мөртабаны, корпоративті интернет-қоры, сонымен қатар оның қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да деректемелерге ие болуы мүмкін.

2.3. Серіктестік өз қызметінде мақсатына жету үшін, Заңнамамен және Серіктестіктің Жарғысымен орнатылған тәртіпте өз атынан келісім шартқа отыруға, мүліктік және жеке мүліксіз құқықтарға ие болуға, міндеттерді алып жүруге, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқығы бар.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасы аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғаларға қатысушы болуға құқығы бар.

2.5. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік қолданылып жүрген заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда, өзінің құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Серіктестікке Құрылтайшылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар бойынша өздері енгізген салымдар құнының шегінде тәуекелге барады.

## 3. Серіктестікке Құрылтайшыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестікке құрылтайшыларының құқықтары:

3.1.1. осы жарғыда белгіленген тәртіппен серіктестіктің ісітерін басқаруға қатысуға;

3.1.2. Осы Жарғы тәртібімен қарастырылған Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алуға, оның есеп және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3.1.3. Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, Заңнамаларға, құрылтай құжаттарына және құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес таза табысты бөлуге қатысуға;

3.1.4. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

3.1.5. Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің құрылтайшыларының келісімімен табиғи болмысымен осы мүліктің бөлігін алуға;

3.1.6. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы;

3.2. Серіктестіктің құрылтайшыларының **міндеттері:**

3.2.1. Құрылтай шартының талаптарын сақтау;

3.2.2. Құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімінде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;

3.2.3. Серіктестікпен жарияланған коммерциялық құпия мәліметтерді жария етпеуге;

3.2.4. Серіктестіктің атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк деректемелері (егер құрылтайшысы заңды тұлға болып табылса) немесе аты-жөні, тұрғылықты орны және тұлғаны куәландыратын құжаттың мәліметтері (егер құрылтайшы жеке тұлға болып табылса) өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ, Серіктестік құрылтайшысы тізімін жүргізу жағдайларында тіркеушіге жазбаша хабарлауға.

3.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке құрылтайшының Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

#### **4. Серіктестіктің мақсаты мен қызметінің түрлері**

4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда табу болып табылады.

4.2. Өзінің мақсатына жету үшін серіктестік негізгі келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

4.2.1. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды салу;

4.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет;

4.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және құрылтай шартымен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.

#### **5. Серіктестіктің мүлкі**

5.1. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ, құны Серіктестіктің дербес теңгерімінде көрсетілетін өзге мүліктер құрайды.

5.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы 1 000 000 (бір миллион) теңгені құрайды.

5.3. Серіктестіктің жарғылық капиталында салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

5.4. Құрылтайшы жарғылық капиталдың салымы негіз ретінде немесе мүліктік құқық ретінде енгізілген болса, барлық құрылтайшылардың келісімімен немесе құрылтайшылардың жиналыс шешімімен, ақшалай бағаланады, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тәуелсіз бағалау компаниясы тартылады.

5.5. Серіктестіктің жарғылық капиталы, серіктестіктің қызметінен түскен пайданың есебінен, ал қажет болғанда құрылтайшылар қосымша жарналарының есебінен толықтырылуы мүмкін.

5.6. Мүлік Серіктестікке меншік құқығында тиесілі болады.

5.7. Серіктестіктің жарғылық капиталын кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден өткізген сәтте, құрылтайшыларымен төленеді.

5.8. Серіктестіктің мүлкі құрылтайшыларының жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасынан, қосымша жарналардың, сондай-ақ заем қаражаттарынан және серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған мүліктен құралады.

5.9. Серіктестіктің Құрылтайшылардың жалпы жиналысы бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

5.9.1. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту Серіктестікке барлық Құрылтайшылары өндіретін қосымша тең салымдар; Серіктестіктің меншікті капиталының есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту, оның ішінде оның қорлық капиталы есебінен (бар болса) барлық Құрылтайшылар келісімімен; барлық қалған Құрылтайшылардың келісімі болған жағдайда бір немесе бірнеше Құрылтайшыларының қосымша салымдар енгізуі; жаңа Құрылтайшыларды Серіктестіктің құрамына қабылдау жолымен жүзеге асырылады жалпы жиналысымен жүзеге асырылады болған жағдайда.

5.9.2. Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы Серіктестіктің барлық Құрылтайшылары салымдары мөлшерін барабар мөлшерде кеміту не жекелеген Құрылтайшылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

5.9.3. Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы тек барлық несие берушілерге Заңнамамен белгіленген тәртіпте хабарлама бергеннен кейін ғана болады.

5.10. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы бойынша Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізе алады, ол жарғылық капиталдың және Серіктестікке Құрылтайшыларының үлестерінің мөлшерін өзгертпейді.

## **6. Серіктестіктің басқару және бақылау органдары.**

6.1. Серіктестіктің жоғарғы органы – жалпы жиналыс болып табылады.

6.2. Серіктестікті басқару Құрылтайшылардың жалпы жиналысымен жүзеге асырылады.

6.3. Серіктестікке Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыреттеріне мыналар жатады:

6.3.1. Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе Серіктестік Жарғысын жаңа мәтінде бекіту;

6.3.2. Серіктестік атқарушы органын сайлау және оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгер басқармаға тапсыру туралы шешім қабылдау және осылайша тапсырудың шарттарын анықтау;

6.3.3. Серіктестіктің Байқаушы кеңесін және/немесе Тексеру комиссиясын (тексерушіні) құру және Байқаушы кеңестің және/немесе Тексеруші комиссияның сандық құрамын анықтау;

6.3.4. Серіктестіктің Байқаушы кеңесін және/немесе Тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің Тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

6.3.5. Директордың лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілеу, Серіктестік Директорына жеке үстемақы мен сыйақы төлеу, материалдық көмек көрсету және әлеуметтік төлемдер жасау туралы шешімдер қабылдау;

6.3.6. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп беруін бекіту және таза табысты бөлу;

6.3.7. Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік көтермелеу сұрақтарын реттейтін Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту, сонымен қатар Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссияның (тексеруші) жұмысы туралы ережесін бекіту;

6.3.8. Серіктестікпен басқа шаруашылық серіктестіктерге және коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы, сонымен қатар Серіктестікке тиесілі жарғылық капиталдағы (мүліктегі) үлесін шығарып алу туралы шешім қабылдау;

6.3.9. Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларын (жарғылық капиталында қатысу үлесі) ұлғайту және/немесе азайту сұрақтары бойынша шешімдер қабылдау (құрылтайшы/акционердің) ұстаным құру.

6.3.10. Серіктестіктің банктерден, қаржы ұйымдарынан және басқа үшінші жақтардан несие алу туралы және Құрылтайшылардан қаржылық көмек алу туралы шешім қабылдау;

6.3.11. Тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;

6.3.12. Серіктестік Құрылтайшысынан үлесін еріксіз сатып алу туралы шешім;

6.3.13. Серіктестіктің мүліктерінің кепілдігі туралы шешім;

6.3.14. Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарында көрсетілгендей серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу шешім шығару;

6.3.15. Серіктестіктің Құрылтайшыларына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы мәліметті ұсыну тәртібін және мерзімін бекіту;

6.3.16. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;

6.3.17. Серіктестіктің сыртқы аудиторын таңдау.

6.4. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы 6.3-тармақта көрсетілген барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды, бірауыздан қабылданады.

6.5. Осы Заңмен Құрылтайшылардың жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелермен қатар жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғысымен оның құзыретінен басқа да мәселелердің жатқызылуы мүмкін.

Егер серіктестік жарғысында басқаша белгіленбесе, жалпы жиналыс өзінің айырықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді серіктестіктің атқарушы органына немесе бақылау кеңесіне беруге құқылы.

6.6. Құрылтайшылардың Жалпы жиналысында айрықша құзыретке жататын мәселелер Серіктестіктің басқа органдарына шешу үшін берілмейді.

6.7. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке Құрылтайшылардың жалпы жиналысы, өзінің құзыреті серіктестік жарғысында қалай белгіленгеніне қарамастан, серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға алуға құқылы.

6.8. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы, егер серіктестіктің жарғысында өзгеше айқындалмаса, серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Серіктестіктің Жарғысымен немесе оның ішкі қызметін реттейтін құжаттармен қарастырылған ережелерді бұзып қабылданған Директордың және/немесе Байқаушы кеңестің және/немесе Тексеру комиссиясының (тексерушінің) кез келген шешімі, Заңнамаға және Серіктестік Құрылтайшысының құқықтарына қайшы келетін Директордың Байқаушы кеңестің, Тексеру комиссиясын (тексерушінің) шешімдері Серіктестік Құрылтайшыларының арызы бойынша сотпен толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 7. Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі

7.1. Қатысушылардың Жалпы жиналысы кезекті немесе кезектен тыс жиналыс ретінде шақырылады.

7.2. Серіктестіктің жылдық қаржы есеп беруін бекітуге арналған Кезекті Қатысушылардың Жалпы жиналысы, есеп беру қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізілуі және Серіктестіктің атқарушы органымен жылына бір реттен сирек емес шақырылуы тиіс.

7.3. Кезектен тыс Қатысушылардың Жалпы жиналысы Заңнамамен, Жарғымен қарастырылған жағдайларда, сонымен қатар осындай жиналысты шақыру Серіктестік мүдесі талап ететін кез келген басқа жағдайларда шақырылады.

7.4. Қатысушылардың Жалпы жиналыс өткізу туралы Қатысушыларға хабарландыру өткізу күннен бұрын 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей оларға жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады (қайта шақырылған жиналыс болған жағдайда бір күн жиналыс өткізу күнінен кем емес). Хабарламада жиналыс өткізу уақыты және орны, сонымен қатар ұсынылған күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Осындай хабарлама әр Қатысушыға факс, электронды пошта немесе тез жеткізуді ұйғаратын, басқа құрал арқылы жеткізілуі тиіс.

7.5. Жылдық жалпы жиналыстың күн тәртібін талқылауға қойылатын сұрақтардың нақты тұжырымдамасын Серіктестіктің атқарушы органы қалыптастырады.

7.6. Қатысушылардың Жалпы жиналысына Қатысушылардың жеке өздерінің немесе өкілдерінің қатысуына, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқықтары бар.

7.7. Қатысушылардың жалпы жиналысында қатысушылар дауыс беруде, Серіктестіктің барлық қатысушылары 100%(жүз пайыз) дауысқа ие болады, бұл ретте Серіктестіктің әрбір Қатысушысы пайызбен көрсетілген төмендегідей дауыс санына ие болады:

7.8. Қатысушылардың Жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Жарғыға сәйкес белгіленеді және Жалпы жиналыстың тікелей шешімімен толықтырылады.

Қатысушылардың Жалпы жиналысының ашылуы алдында Қатысушыларды (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркелмеген Қатысушы (қатысушының өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

7.9. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды. Жалпы жиналыстың төрағасы және хатшысы сайлауы «әр Қатысушыда бір дауыс болады» қағидатымен жасалады, ал шешім, келушілер санымен қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

7.9.1. Жалпы жиналыстың күн тәртібін талқылауға қойылатын басқа сұрақтары бойынша «Қатысушылардың дауыс саны оның жарғылық капиталындағы үлесіне тең» қағидатымен анықталған. Жалпы жиналыстың Хатшысы Жалпы жиналыстың хаттамасын жүргізу үшін жауап береді.

7.10. Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысып отырғандар немесе оған өкілдік алған қатысушылар жиынтығында айқын көпшіліктің жалпы дауыс

санының төрттен үшінен астамын иеленсе, жиналыстың шешім қабылдауға құқығы болады, ол заңды, ал кворум шарттары сақталған болып танылады.

7.11. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау басталғанға дейін Қатысушылардың Жалпы жиналысы кворумды жария етулері керек. Бұл талаптың сақталмауы кворумның бар екендігі анықталғанға дейін Қатысушылардың Жалпы жиналысы қабылдаған барлық шешімдердің заңсыз болып шығуына әкеп соқтырады.

7.12. Жалпы жиналыстың хаттамасына Төраға мен Жалпы жиналыстың хатшысымен қол қойылады. Барлық Жалпы жиналыстың Қатысушыларының хаттамалары Серіктестіктің атқарушы органында сақталатын және кез келген уақытта Серіктестіктің кез келген Қатысушысына танысу үшін берілуге тиісті хаттамалар кітабына тігіледі.

7.13. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Қатысушылардың тікелей келісімімен, сырттай хат немесе электрондық хабарлар алмасу немесе телефон, бейнеконференциялар құралдарының көмегімен немесе барлық Қатысушыларға қолайлы және жіберілетін әрі қабылданатын хабарлардың нақтылығын қамтамасыз ететін байланыстың басқа құралдарын пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

Мұндай жағдайда, Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің барлық Қатысушыларына күн тәртібінің сұрақтары, әрбір сұрақ бойынша дауыс беру және дауыс беру үшін бюллетенді толтыру тәртібі белгіленген дауыс беру бюллетенін жібереді.

7.14. Қатысушылардың сырттай Жалпы жиналыс Заңнамаға сәйкес оны өткізу туралы барлық қатысушыларға міндетті хабарландырумен өткізілуі тиіс.

7.15. Барлық Қатысушылар хабарламада көрсетілген күндер аралығында қол қойылған бюллетендерді орналасқан мекен-жайы бойынша атқарушы органға жіберулері қажет. Серіктестіктің Жалпы жиналысының хатшысы және Директоры бюллетендер бойынша Қатысушылардың дауыстарын есептейді және Серіктестіктің Жалпы жиналыстың сырттай өткізу хаттамасын жасайды. Сырттай өткізілген Жалпы жиналыстың хаттамасына Серіктестіктің Директоры және Жалпы жиналыстың хатшысы қол қояды және ол хаттама Серіктестіктің әрбір қатысушысымен қол қойылған дауыс беру бюллетендерімен бірге тігіледі.

7.16. Осы Жарғының 6.3.1., 6.3.10., 6.3.13 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға Сырттай өткізілетін Жалпы жиналыстың құқығы жоқ.

## 8. Серіктестіктің атқарушы органы

8.1. Атқарушы орган болып Директор саналады, яғни Құрылтайшылардың жалпы жиналысына есеп беруші және оның шешімінің орындауын ұйымдастырушы. Құрылтайшылармен Директор тағайындауда еңбек қатынасы еңбек заңдарына сәйкес реттеледі.

8.2. Директор Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының шешімімен 5 (бес) жылдан астам емес мерзімге дейін сайланады.

8.3. Директор Құрылтайшылардың Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссиясының (тексерушіге) ерекше құзыретіне жататын сұрақтардан басқа барлық сұрақтар бойынша құзырлы, соның ішінде:

8.3.1. ағымдағы және болашақтағы жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

8.3.2. Құрылтайшылардың жалпы жиналысының және Байқаушы Кеңесінің шешімдерін дайындау және орындалуын ұйымдастыру және оған орындалғаны туралы есеп беру

8.3.3. Серіктестіктің ақшалай қаражатын есепке ала отырып, Құрылтайшылардың жалпы жиналысымен берген шекте оның мүлкіне билік жүргізеді;

8.3.4. сенімхатсыз Серіктестік атынан қызмет етеді;

8.3.5. Сенімхатсыз серіктестік атынан шарттар /мәміле/келісімдер жасау және оның орындалуын қамтамасыз ету, қаржылық және басқа да құжаттарға қол қояды, Құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен бекітілген, Осы Жарғы мен еңбек шартымен және басқа да құжаттармен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етумен байланысты басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады;

8.3.6. Есепшілік есепті ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметі туралы қаржы және статистикалық есеп жасауды және уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

8.3.7. Серіктестік қызметкерлері арасында міндеттерді және Серіктестіктің қызметкерлері арасында өкілеттілік пен жауапкершілік аумағын бөледі, соның ішінде серіктестік қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;



- 8.3.8. Серіктестіктің барынша тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етеді;
- 8.3.9. Жоспарлауды, еспеке алуды, Серіктестіктің Құрылтайшыларына, сондай-ақ Байқаушы Кеңеске және/немесе Тексеру комиссиясына (тексерушіге) Серіктестіктің қызметі туралы есеп беруді құруды және уақытылы ұсынуды жүзеге асырады;
- 8.3.10. Серіктестіктің банктік және тағы басқа шоттарын ашады;
- 8.3.11. Серіктестік қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады (өкімдер) олармен еңбек шарттарын жасасады;
- 8.3.12. Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысы оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа қызметке ауыстыру және босату туралы бұйрықтарды шығарады, сыйақы беру мәселелерін шешеді, марапаттау және тәртіптік айыппұл салу шараларын қабылдайды;
- 8.3.13. Серіктестікке жұмысшыларды жұмысқа алу және жұмыстан шығару құқыларын жүзеге асырады;
- 8.3.14. Серіктестік қызығушылықтарын ұсыну құқығына Сенімхат беру, сонымен қатар аса сенімділік шартымен;
- 8.3.15. Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес, лауазымдық еңбек ақы мөлшерін және жеке үстеме беру көлемдерін белгілейді, Директордан басқа Серіктестік қызметкерлеріне қатысты сый ақы беру сұрақтарын шешеді;
- 8.3.16. Құрылтайшылардың жалпы жиналысымен берілген және жарғымен бекітілген құзіретті шегінде Серіктестік қызметінің сұрақтары бойынша барлық жеке және заңды тұлғалармен, жеке мүлік нысанынан және мемлекетке тиесіліден тәуелсіз, сонымен қатар мемлекеттік және құқық қорғау, сот органдарымен қарым-қатынастарда Серіктестік атынан әрекет етеді
- 8.3.17. Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Серіктестіктің жұмыскерлерінің біріне жүктейді.
- 8.3.18. Өз құзіретті шегінде басқа да функцияларды орындау.
- 8.4. Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпте Директордың өкілеттігі Серіктестіктің Құрылтайшыларының жалпы жиналысының шешімі негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 8.5. Директорға тыйым салынады:
- 8.5.1. Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының келісімінсіз Серіктестікпен мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйлау шарттары, қарыз беру, шексіз пайдалану, сатып-алу және т.б. шарттарымен қоса) жасауға;
- 8.5.2. Серіктестікпен үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелерге үшінші тұлғалардан және Серіктестіктің өзінен комиссиялық сыйақылар алуға;
- 8.5.3. Үшінші тұлғалар атынан және олардың Серіктестікпен қарым-қатынастарында мүдделерін қорғау бойынша сөз сөйлеуге;
- 8.5.4. Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;
- 8.5.5. Осы тармақтың 8.5.1.-8.5.3. тармақшаларымен көзделген шектеулер Директордың зайыбына да, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына да, сондай-ақ туған ағалары мен апаларына да қолданылады.
- 8.6. Директор Серіктестіктің Құрылтайшыларының талабы бойынша, онымен Серіктестікке келтірілген шығындарды өтеу бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

### **9. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі, Тексеруші комиссиясы (тексерушісі)**

- 9.1. Серіктестіктің атқарушы органының қызметін қадағалау үшін Құрылтайшылардың Жалпы жиналысы Серіктестікте Байқаушы кеңес құру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Байқаушы кеңестің құрамы, өкілдігі, қызметі, айрықша құзырет құрайтын мәселелер шеңбері, сонымен қатар оның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестіктің Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
- 9.2. Серіктестіктің атқарушы органның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Тексеру комиссиясы (тексеруші) жүзеге асырады. Тексеру комиссиясымен (тексерушімен) құру туралы шешім қабылдау кезінде, барлық Құрылтайшылармен оны құру туралы шешім қабылдану керек, және ол бес мүшеден көп емес, 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге Құрылтайшылардың бірдауысты шешімімен сайлану керек.
- 9.3. Есептің дәлділігіне баға беру функциясы, серіктестік қызметінің заңға, жарғыға контрактілерге және келісімдерге сәкес келуін тексеруді жүзеге асыру Құрылтайшылардың жалпы жиналысының өкімімен тағайындалған тексеру комиссиясына жүктеледі.

9.4. Тексеру комиссиясының құрамына заң актілермен аудиторлық қызметпен шұғылдануға құқығы бар тұлғалар, бухгалтерлік есеп және қаржы облысындағы тәуелсіз эксперттер және басқа адамдар кіреді.

Серіктестіктің орындау ұйымының мүшелері тексеру комиссиясы мүшелері бола алмайды.

9.5. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясының (тексеруші) Серіктестіктің барлық құжаттамаларын ешқандай кедергісіз көру құқығы бар. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша атқарушы орган, сонымен бірге Серіктестіктің жұмыскерлері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелерді беруге міндетті.

9.6. Тексеру комиссиясы (тексеруші) Серіктестікке Құрылтайшылардың Жалпы жиналысы бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесіне міндетті түрде тексеру жүргізеді.

9.7. Тексеру комиссиясы (тексеруші) өзінің қызметін Құрылтайшылардың жалпы жиналысымен бекітілетін Жарғының және Тексеру комиссиясының (тексеруші) Ережесі негізінде жүзеге асырады.

9.8. Тексеру комиссия (тексеруші) Құрылтайшылардың Жалпы жиналысына тексеру қорытындыларын, оның ішінде Серіктестіктің маңызды мүдделеріне қатердің пайда болуын немесе Серіктестіктің лауазымды тұлғаларымен асыра пайдалану анықталғанын жеткізеді.

9.9. Құрылтайшылар, Тексеру комиссия (тексеруші), Байқаушы кеңес немесе аудитор талабы бойынша, Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің кез келген есептік, қаржылық, шаруашылық және ұйымдастыру-бөлу құжаттарына тез арада қол жеткізуге мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге тиіс.

#### **10. Қаржылық есептеме және есеп құжаттары, Серіктестік аудиты**

10.1. Серіктестік өз қызметінің нәтижелеріне бухгалтерлік есеп жүргізеді, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген ережелерге сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жүргізеді.

Серіктестікке Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарына сәйкес, есеп жүргізу мен есеп беруде сенімділікті сақтамағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

10.2. Есепшілік есепті жүргізу және қаржылық есептемені құру есепшілік есеп және қаржылық есептеме туралы Заңнамамен және Серіктестіктің Есептік саясатына сәйкес жүргізіледі.

10.3. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемелерінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру үшін Серіктестік жыл сайын Серіктестікпен мүліктік мүдделерімен, атқарушы органымен, Байқау Кеңесінің және/немесе Тексеру комиссиясының (тексеруші) мүшелерімен немесе Серіктестіктің Құрылтайшыларымен (сыртқы аудит) байланысы жоқ кәсіптік аудиторды тартуы мүмкін.

10.4. Серіктестіктің қаржылық есебінің аудиті Серіктестік Құрылтайшыларының кез келгенінің бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Аудиторды таңдау Серіктестіктің Жалпы жиналысының Құрылтайшыларымен жүргізіледі.

10.5. Сыртқы аудитордың қызмет атқаруының төлемақысы егер Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының шешімімен өзгеше көзделмесе, Серіктестіктің есебінен төленеді.

#### **11. Серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібі**

11.1. Серіктестіктің таза табысы материалдық және оларға теңестірілген шығындарды, еңбекақы төлеуге және төлеуге арналған шығыстарды, салықтар мен өзге де төлемдерді өтегеннен кейін жарғылық қызметтен түскен түсімнен қалыптастырылады.

11.2. Серіктестіктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі Серіктестіктің Жалпы жиналысының Құрылтайшылардың Хаттамасымен жыл сайын айқындалады.

11.3. Серіктестіктің таза табысы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Серіктестіктің иелігінде қалады және Серіктестіктің Жалпы жиналысының Құрылтайшылардың Хаттамасымен, оның ішінде дивидендтер төлеуге айқындалған тәртіппен бөлінеді. Қалған бөлігі Серіктестікті дамытуға немесе Серіктестіктің Жалпы жиналысының құрылтайшыларының Хаттамасында көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

11.4. Серіктестіктің жарғысына сәйкес таза табысты бөлуге байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес серіктестіктің Жалпы жиналысының құрылтайшыларының Хаттамасымен қаралады және қабылданады.

## **12. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Серіктестік Құрылтайшыларына және үлес сатып алушыларына ұсыну тәртібі және мерзімі**

12.1. Серіктестіктің Құрылтайшыларына және үлестерді сатып алушыларына серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алу үшін серіктестіктің орындау ұйымына жазбаша өтініш жасауға міндетті.

Өтініште қандай тілеген ақпаратты немесе құжаттарды алуға, қай мекен-жайға жауапты жөнелту қажет екенін нақты көрсету керек.

12.2. Серіктестігінің қызметі туралы, оның құрылтайшыларының мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру Қазақстан Республикасы күшіндегі заңдарына және серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

12.3. Үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасалған шартта белгіленеді.

12.4. Серіктестік Құрылтайшылардың талабы бойынша өзінің мүдделеріне қатысты Серіктестік қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті:

12.4.1. Серіктестіктің Құрылтайшыларының жалпы жиналысымен, Байқаушы кеңесімен, Тексеруші комиссиямен (тексерушімен), атқарушы органмен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

12.4.2. Серіктестікпен жасалған мәмлелер немесе аралары байланысты мәмлелердің жиынтығы, нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталынан жиырма бес және одан артық пайыз шамасында тұратын мүлікті алуы немесе айырылуы;

12.4.3. Серіктестікпен өз меншігі капиталы көлемінен жиырма бес және одан артық пайыз көлемінде тұратын қарыз алу;

12.4.4. Серіктестікпен қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыру және (немесе) белгілі іс-әрекет жасау үшін лицензияны алу, ол іс-әрекеттерді тоқтату немесе жою, сондай-ақ Серіктестіктің қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін және (немесе) белгілі іс-әрекет жасау үшін бұрын алған лицензиядан айыру;

12.4.5. Серіктестік мүлкіне тыйым салу;

12.4.6. Төтенше мінездеме алатын, осының нәтижесінде, оның теңгерімдік құны Серіктестік активінің жалпы көлемінен он немесе одан артық пайыздан құралған Серіктестіктің мүлкі жойылу жағдайының туындауы;

12.4.7. Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

12.4.8. Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру жөнінде шешім;

12.4.9. Аудиторлық есеп (болған жағдайда);

12.4.10. Сотта корпоративті талас жөнінде іс қозғау туралы ақпарат;

12.4.11. Серіктестіктің акционерлердің (Құрылтайшылар) жалпы жиналысына қатысуы туралы ақпарат: Серіктестіктің ұсынылған көзқарасы және заңды тұлғаның акционерлерінің (Құрылтайшылардың) жалпы жиналысында қабылданған шешімдері, яғни Серіктестік осы заңды тұлғаның дауыс беру акцияларының оннан астам пайыздарын иеленсе;

12.4.12. Серіктестіктің Құрылтайшыларының мүддесіне қатысты басқаша ақпарат;

12.5. Орындау ұйымы он бес күннің ішінде өтініш алған уақытынан қызмет туралы ақпарат беру туралы жазбаша жауап беруге немесе сұралынған құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

12.6. Серіктестіктің қызметі туралы, оның Құрылтайшыларының мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады

12.7. Корпоративтік талас бойынша істерді сотта жүргізу туралы ақпаратты Серіктестіктің Құрылтайшысына Серіктестікпен тиісті сот хабарламасын алғаннан соң немесе корпоративті іс бойынша азаматтық іс қозғау туралы шақырудан бастап жеті күннен кем емес мерзімде ұсыныуы қажет.

12.8. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттар көлемін ұсыну тәртібі Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының шешімімен және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартпен белгіленеді.

## **13. Серіктестіктің қызметін тоқтату.**

13.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

13.2. Серіктестіктің қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) заңдарда көзделген тәртіппен, Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

13.3. Серіктестік таратуға жатады:

- құрылтайшылардың жалпы жиналысының хаттамасы бойынша;
- белгіленген тәртіпте серіктестік банкрот деп жарияланса;
- егер жарғылық капиталдың мөлшері, заңда белгіленген минималды мөлшерден төмендеп кетсе таратуға жатады.

13.4. Серіктестікті таратуды Құрылтайшылардың жалпы жиналысының немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестік ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер өтеді.

13.5. Серіктестіктің құрылтайшысы қайтыс болған жағдайда немесе өлді деп жарияланған жағдайда оның серіктестік мүлкіндегі үлесі жарғылық капиталға енгізген салымы бөлігінде мұрагеріне өтеді.

13.6. Мүлік өткізуден түскен, сондай-ақ бюджетпен есеп айырысқаннан, серіктестік қызметкерлерінің еңбек ақысымен және борышкерлермен есептескеннен кейін қалған серіктестіктің ақша қаражатын тарату комиссиясы серіктестік Құрылтайшыларына олардың үлескерлік қатысуына сәйкес беріледі.

Тарату комиссиясы азаматтық заңдарға сәйкес серіктестікке, оның Құрылтайшыларына, сондай-ақ үшінші жақтарға келтірілген залал үшін жауапкершілікті көтереді.

13.7. Тарату қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асады.

#### Құрылтайшыларының қолдары:

Құрылтайшылар:

«QAZ STROY STANDART» ЖШС атынан директоры **Турғамбаев Канат Сламбекович**

ТОО «ОКЖЕТПЕС II» ЖШС атынан директоры **Тлегенов Курмангазы Жумабекович**



